

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 28 наурыздағы
шешімімен бекітілген
№12 хаттама*

**«7M04110 – Адами ресурстарды басқару»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04110 – Адами ресурстарды басқару» магистратура білім беру бағдарламасы («7M041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 63

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының 2024–2029 жылдарға арналған мемлекеттік қызметті дамыту тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік басқаруды трансформациялаудың негізгі шарты – сервистік тәсіл мен азаматтардың қажеттіліктеріне бағдарланған, проактивті, нәтижеге бағытталған және бюрократиялық кедергілерді азайтатын мемлекеттік қызмет үлгісін құру. Бұл үшін мемлекеттік аппараттың жоғары стандарттарға сай келетін құзыреттері мен кадрлық әлеуеті болуы тиіс.

Білім беру бағдарламасы мемлекеттік қызметтің кәсібилігін одан әрі дамыту мақсатында әзірленді. Ол мемлекеттік аппаратқа қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің адами ресурстарды басқару саласындағы аналитикалық, ұйымдастырушылық, басқарушылық және стратегиялық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама стратегиялық HR менеджмент саласында өз дағдыларын дамытуға және тереңдетуге ұмтылғандарға арналған.

Бағдарлама аясында білім алушылар ұзақ мерзімді HR стратегияларын әзірлеу және іске асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгереді. Сондай-ақ, олар стратегиялық деңгейдегі міндеттерді шешу үшін адами ресурстарды жоспарлау, болжау және басқару құралдарын игереді. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардағы еңбек ресурстары мен еңбек қатынастарын мемлекеттік реттеу мәселелері, HR-дің негізгі бағыттарындағы стратегиялық басқарудың заманауи тәсілдері қарастырылады.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Адами ресурстарды басқару саласында жаңа тәсілдер мен дағдыларға ие өзгерістер көшбасшыларын даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- Стратегиялық адами ресурстарды басқару дағдыларын қалыптастыру;
- Белгісіздік пен тәуекелдерді ескере отырып, басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын дамыту;
- Мемлекеттік қызметке ең білікті кандидаттарды тарту және іріктеу әдістерін қолдану, қызметкерлерді бейімдеу және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын қалыптастыру;
- Еңбек тиімділігін арттыру дағдыларын дамыту;
- Ұйымдық мәдениетті дамыту дағдыларын қалыптастыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- Пәнаралық, жеке және құзыреттілікке бағытталған оқыту тәсілі;
- Интерактивті оқыту әдістерін қолдану арқылы тәжірибеге және нәтижеге бағытталған білім беру;
- Мемлекеттік қызметтің өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жоба дайындау;
- Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқу мүмкіндігі;
- Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың жетекші практик-дәріскерлері мен сарапшыларын тарту;
- Кәсіби және сараптамалық желілерді дамыту, әртүрлі мемлекеттік органдардың қызметкерлерімен өзара әрекеттесу.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- Әріптестерімен өзара іс-қимылды үйлестіре алады, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын;
- Этика ережелерін қатаң сақтайды, адалдық, шынайылық, сыпайылық, әріптестерге және мүдделі тараптарға құрмет көрсетеді;
- Ұйымдағы өзгерістерге оң қарайды, тактикасын жаңа жағдайға бейімдейді, себептерді талдайды және стратегияны өзгерте алады;
- Күрделі мақсаттар қойып, оларға жету үшін қосымша күш салады, нәтижеге жауапкершілікпен қарайды;
- Мүмкіндіктер мен тәуекелдерді талдай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет етеді, бірнеше шешім нұсқасын ұсынады;
- Ұжымдық жұмысқа үлес қосады, қажет болған жағдайда тәжірибелі әріптестерден кеңес алады, мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды дамытады;
- Жұмыс үдерісін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді, жаңа тәсілдерді зерттейді және оларды енгізеді;
- Жаңа білім мен технологияларға қызығушылық танытады, өзін-өзі дамытуға ұмтылады, жаңа ақпарат пен оны қолдану жолдарын іздейді.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	2
	Мемлекеттік қызметтегі стратегиялық адами ресурстарды басқару	ПП	ЖООК	5
	Ұйымдық даму	ПП	ЖООК	5
	Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық	БП	ЖООК	2
	Құзыреттерді бағалау әдістері және таланттарды басқару	ПП	ЖООК	2
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	2
	Зерттеу әдістері және дизайны	ПП	ЖООК	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			21
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі - МЭЗЖ)</i>			10
1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				31
2	HR-аналитика және шешім қабылдау	ПП	ЖООК	3
	Мемлекеттік қызметтегі HR-маркетинг және брендтеу	ПП	ЖООК	4
	Ресми жазылым және дискурс	ПП	ЖООК	2
	Персонал тиімділігін басқару	ПП	ЖООК	3
	HR процестерді цифрландыру	ПП	ЖООК	3
	Тандау компоненті	БП	ТК	4
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			21
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			1
	<i>Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				32
Теориялық оқыту бойынша барлығы +тәжірибе				42
Қорытынды аттестация (магистрлік жобаны жазу және қорғау)				8
МЭЗЖ+ тағылымдама				13
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ				63